

Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының 2017 жылғы қызметі туралы облыстық мәслихаттың депутаты А.Ю. Нидің есебі

Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының қызметі облыстық мәслихаттың Регламентіне және жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясы облыстық бюджетті бекіту, нақтылау және атқару жөніндегі мәселелерін, облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік қаражаттарды мақсатына сай және тиімді игеруі, кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру туралы есептерін қарайды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың қаржылық-бюджеттік саясатты іске асыру, бюджеттік жүйені басқару, бюджеттің кіріс бөлігінің болжамдық түсімдерінің орындалуы, облысты дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақты өсуін қамтамасыз етуге қатысты басқа да мәселелер тобын қарайды.

Өз қызметі барысында тұрақты комиссия бюджеттік шығындарды сапалы жоспарлау, оны оңтайландыру, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметтеріне байланысты мәселелерге ерекше назар аударады.

Комиссия отырыстарында қараған маңызды мәселелер бірі – ол облыстық бюджетке өзгертулер мен толықтырулар енгізу болып табылады. Үстіміздегі жылы облыстық бюджет 6 рет нақтылау енгізілді. Облыстық бюджетті нақтылануына бюджеттің кіріс бөлігінің жоспарлы түсімдерінің асыра орындалуы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қаражаттарды қайта бөлу, мемлекеттік сатып алуды өткізуден үнемделген жыл басындағы бюджеттік қаражаттардың бос қалдығын пайдалану, сондай-ақ, республикалық бюджеттен түскен трансферттер мен кредиттерді пайдалануға байланысты мәселелері негіз болды.

Есептік кезеңде тұрақты комиссияның 13 отырысы өткізіліп, онда 27 мәселе қаралды. Ағымдағы жылы комиссия отырыстарында мынадай мәселелер қаралды: ол - Облыс әкімдігінің және Тексеру комиссиясының «2016 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептері», «Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметтерін тексеру нәтижелері», «Облыста индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру», «Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерін тағайындау», «Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының «Б» корпусының D-1 және D-2 санаттарының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына біліктілік талаптарын бекіту», облыстық басқарма басшыларының «Облысты дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы», «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту Бағдарламасы туралы», «Ақтөбе облысы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі туралы», сонымен қатар, инвестициялық жобаларға, мемлекеттік-жекешелік

әріптестігінің даму перспективаларына, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысты және тағы басқа мәселелер.

Облыс әкімдігінің және Тексеру комиссиясының 2015 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі мәселесін талқылау барысында депутаттар бюджеттік шығындардың дұрыс жоспарланбауы, бөлінген қаражаттардың дер кезінде игерілмеуі, бюджеттің кіріс бөлігі түсімдеріне талдау жасалмай және бақылау жүргізілмеуін айтып өткен болатын. Өз кезегінде мұндай жағдай облыстық бюджетке қайта-қайта түзетулер енгізілуіне, жоспарлы көрсеткіштердің асыра орындалуына әкеліп соқтырды. Бұл бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан бюджеттік бағдарламаларды іске асыруда, бюджеттік қаражаттарды игеруде тиісті деңгейдегі бақылау жүргізілмейтіндігін, қаржылық және орындаушылық тәртіп жоқтығын білдіреді.

Тексеру комиссиясының бақылау объектілерінің есепке дұрыс алынуы және есеп беруі жұмыстарына, бюджеттік заңдылықтардың және бюджеттік саладағы өзге де мәселелерді реттейтін заңға сәйкес актілер талаптарының сақталуына бақылау жүргізу қызметі комиссияның қарауындағы маңыздылығымен кем түспейтін мәселелердің бірі. Комиссия отырысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметтерін тексеру нәтижелері туралы» мәселесі қаралып, Тексеру комиссиясының және Мемлекеттік аудит департаментінің басшыларының баяндамасы тыңдалды. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясы 2016 жылы 144 мемлекеттік аудит объектілерінде 16 мемлекеттік аудит іс-шараларын жүргізіп, 165 042,2 млн.теңге қаржы қамтылды. Тексерулермен жалпы көлемі 8 451,1 млн.теңгеге бұзушылық анықталып, оның 1 096,0 млн.теңгесі мемлекеттік сатып алу заңнамасы бойынша жіберілген бұзушылық болды. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде мемлекеттік сатып алу заңнамасына қатысты мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, жоспарланбаған тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алу барысындағы бұзушылықтар анықталды. Бұндай бұзушылық 19 мемлекеттік аудит объектісінде көлемі 495,9 млн.теңгені немесе мемлекеттік сатып алу бойынша жалпы бұзушылық көлемінің 45,2% құрады.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша қаржылық тәртіпті күшейту мақсатында мемлекеттік мекемелер басшыларына мемлекеттік сатып алу келісім- шарттарының тиісті орындалуына бақылауды күшейту бойынша жеке жауапкершілікті арттыру, мемлекеттік сатып алу туралы заң талаптарының қатал сақталуын, конкурстық құжаттамалардың сапалы әзірленуін, сондай-ақ, тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жою және оған жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау ұсынылды. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырумен және өткізумен айналысатын мемлекеттік мекемелердің және ведомствалық бағыныштағы ұйымдардың лауазымды тұлғаларының және бухгалтерлік есеп мамандарының біліктілік деңгейін жоғарылату жөніндегі кешенді шаралар әзірлеу жөнінде ұсынымдар берілді.

Сонымен бірге, комиссияның кезекті отырысында «Облыста индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру туралы» мәселесін қарау барысында индустриялық-инновациялық даму, кәсіпкерлік,

жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары басшыларының хабарламасы тыңдалды. Атап өткендей, бизнеске қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекет тарапынан мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржылық-несиелік жан-жақты қолдау көрсетіледі. Осы мәселені тарқату барысында депутаттар Индустрияландыру картасына енгізілген жобаларды іске асыру, агроөнеркәсіп кешенін инвестсубсидиялау, отандық және шетелдік инвесторларды тарту, жұмыс кадрларын дайындау, индустрияландыруды жаңғырту және технологияларды кеңейту туралы, сондай-ақ, Индустриалдық аймақты күтіп -ұстау және іске қосылуына, «Ақтөбе» ӘӘК» АҚ-ның қызметімен байланысты басқа сұрақтарды да қойды. Мәселені қарау қорытындысы бойынша комиссияның қаулысы қабылданып, ИИДМБ ІІ бесжылдығы шеңберінде енген жобалардың жобалық қуаттылығына шығуын қамтамасыз ету, жобаның даму бағыттарын, оның өнімділігін, экспортқа бағдарлануын, бәсекеге қабілеттілігін талдау, жылдың соңына дейін барлық жоспарланған инвестициялық жобалардың іске қосу бойынша шаралар алу, сондай-ақ, «Ақтөбе» индустриялық аймағына инвесторларды тарту жұмыстарын жандандыру ұсынылды.

Облысты әлеуметтік-экономикалық дамытуда нақты жетістіктерге қол жеткізу үшін экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси даму факторларын халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірыңғай процесс ретінде қарау үшін күш біріктіру қажет. Тұрақты дамуға көшудегі мақсатты көрсеткіштер стратегиялық жоспарлаудың маңызды құралы болып табылады. Жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген комиссия отырысында облыстық басқарма басшыларының «Облысты дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі» есебі туралы мәселесі қаралды. Бұл мәселе бойынша экономика және бюджеттік жоспарлау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі кейбір салалық басқармаларының басшылары баяндап берді. Талқылау барысында Нәтижелік жұмыспен қамту бағдарламасы, осы бағдарлама бойынша оқитындарға шәкіртақыларын дер кезінде төлеу, жұмыссыздарды анықтау критерийлері, сондай-ақ, дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу бойынша облыстық басқармалардың жұмыстары жөнінде сұрақтар қойылды.

Мәселені қарауды қорытындылай келе, мақсатты индикаторларға және нәтижелік көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларының толықтай іске асырылуын қамтамасыз ететін пәрменді шаралар алу, мемлекеттік бағдарламаларды және облыстың аумақтық даму бағдарламасын жүзеге асыру барысына бақылауды күшейту бойынша жұмыстарды жандандыру, бюджеттік қаражаттардың тиімді игерілуін және бюджеттік даму бағдарламаларының сапалы атқарылуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар бойынша комиссияның қаулысы қабылданды.

Өздеріңіз білетіндей, мемлекеттік-жекешелік әріптестігін дамыту мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасы 2017 жылғы 31-қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабылеттілік» Жолдауында мемлекеттік - жекешелік әріптестігі инфрақұрылымды дамытудың негізгі механизмі болуы тиістігін атап өткен болатын.

Облыста мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің жай-күйін және дамуын бақылауды жақсарту мақсатында «Ақтөбе облысында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жай-күйі және даму перспективалары туралы» мәселесі комиссияның кезекті отырысында талқыланған болатын. Оған облыстық мәслихаттың депутаттары, сонымен қатар, облыстық басқармалар мен департаменттердің, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, мемлекеттік-жекешелік әріптестігі мәселелерімен айналысатын ұйымдардың басшылары қатысты. Онда «Мемлекеттік-жекешелік әріптестігі» аймақтық орталығының директоры мен облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының баяндамалары тыңдалып өтті. Мәселені талқылай отыра, депутаттар жобаның кепілдігін қамтамасыз етуге және валютаныңлық бағамдық айырмасына, мемлекеттік-жекешелік әріптестігі аясында салынатын объектілердің сапасына, оларды жеке-меншікке аударуға, жобаларды қаржыландыруға, мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларына экономиканың барлық секторларын қатыстыруға және тағы басқа сұрақтарды қойды. Осы тақырыпты талқылау барысында бұл бағытта облыс әкімдігінің мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізіп жатқандығы атап өтілді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестігін дамыту жұмыстарын жандандыру мақсатында инвестициялық климатты жақсарту және ықтимал инвесторларды мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларын талқылауға тарту, облыстық бюджеттің қаржы жүктемесін төмендету үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларының концепцияларын, конкурстық құжаттамаларды және келісім жобаларды әзірлеу жөнінде ұсыныстар айтылып, ұсынымдар берілді. Облыс әкімдігіне, сондай-ақ, бірнеше салалық басқармаларымен мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларын іске асыруда конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы мәселесін реттеу, мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау мәселесінің басымдықты қаралуы, мемлекеттік-жекешелік әріптестігі объектілерін салу кезінде жеке шетелдік әріптестерге жер телімдерін уақытша пайдалануға беру мәселесін шешу, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобалары бойынша медициналық қызметтерді мемлекеттік тұтыну кепілдігін талқылау туралы ұсынымдар айтылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне мемлекеттік-жекешелік әріптестігі объектілерін техникалық күрделі және (немесе) бірегей объектілерге жатқызу жөнінде ұсыныс беру туралы тапсырма берілді. Тағы, екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп, объектілерді іске қосу кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің келісім-шарттарын берік кепіл ретінде қабылдау, сондай-ақ, оларды коммуналдық меншікке тапсыруды шешу ұсынылды. Өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасына мемлекеттік-жекешелік әріптестігі жобаларын іске асыру жұмыстарына мониторинг жүргізу, кеңесшілерді дайындау және оқыту жұмыстарын жандандыру жөнінде ұсынымдар айтылды.

Комиссия отырыстарына облыстық басқармалардың, департаменттердің басшылары, БАҚ өкілдері шақырылады. Қараған мәселелер бойынша комиссия ұсынымдар мен ескертпелер беріп, ұсынбалы сипаттағы қаулы қабылдайды.

Тұрақты комиссия құрамында 6 адам. Олар депутаттық міндеттерін жауапкершілікпен орындап келеді. Осы орайда С.Вишняк, В.Щегельский, А.Тулегенова, М.Бекеев А.Айтжанов сияқты депутаттардың комиссия отырыстарына, басқа да іс-шараларына белсенділікпен қатысатындығы туралы айта кеткім келеді. Депутаттық қызметті атқара отырып, облыстың қоғамдық-саяси өміріне атсалысып, сауалдар қойып, өзекті мәселелерді шешуге үлес қосуда.

Бюджеттің сапалы атқарылуы, бюджеттік шығындарды оңтайландыру, бюджеттік қаражаттарды бөлу, бюджеттен бөлінген қаражаттарды игерілуін талдау, бақылау жүргізу және облыстың тыныс-тіршілігіне байланысты басқа да маңызды сұрақтар депутаттық корпустың үнемі бақылауында.

Бізге үлкен жауапкершілік артылып отыр. Біз күшімізді экономиканың негізгі секторларының тұрақты дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына бағыттауымыз тиіс.

Тұрақты комиссия жұмысын қорытындылай келе, бұдан әрі де жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге, инвестициялау үшін қолайлы жағдай жасалуына, халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін мақсатқа сай бағытталған жұмыс жалғастырылады деп айтқым келеді.

**Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика,
өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**

А.Ю.Ни

Бұл депутаттардың үздіксіз қызметін қамтамасыз етіп отырған мәселелердің тек бір бөлігі десек болады.

халықтың әл-ауқатын көтеруге және облыс экономикасының әрі қарай өсуіне

Депутаттар облыстың қоғамдық-саяси өміріне, депутаттарды құқықтық оқыту жөніндегі семинар-мәжілістерге белсенділікпен қатысады, сайлаушылармен кездеседі, азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізеді. Бұл депутаттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін мәселелердің түгел тізбегі емес.